

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ жанындағы
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар»,
«Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі –
Жобаларды басқару тобы отырысының
№ 4 хаттамасы**

Алматы қ. Офлайн/онлайн режимде

24 маусым 2026жыл

Модератор: Алпысбаева Г.Е., «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ академиялық мәселелер жөніндегі проректор, в.ғ.к.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде инклюзивті ортаны қалыптастыру сұрақтарын талқылау

Әртүрлі мәселелер

1. М136 – «Аграрлық техника және технологиясы» білім беру бағдарламалары тобы бойынша кешенді тестілеу бейіндік пәндерін қарастыру.

2. «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру үшін оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеуге қойылатын талаптар туралы Ережені талқылау

3. РОӘК ОӘБ грифін алуға оқулықтар мен оқу құралдарын ұсыну туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Мәжіліс отырысын академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Алпысбаева Г.Е.** ашты.

Құрметті әріптестер, республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мүшелері!

Сіздерді қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» кадрлар даярлау бағыттары бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің кезекті отырысында қарсы алуға рұқсат етіңіздер.

Күн тәртібіндегі мәселелер - білім беру сапасына тікелей қатысты. Уақыт бөліп, қатысып отырғандарыңызға рахмет. Бірге жұмыс істесек, нәтижесі де жақсы болады деп сенемін.

1.1.Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде инклюзивті ортаны қалыптастыру сұрақтарын талқылау. Спикер: Алпысбаева Г.Е.

Алпысбаева Г.Е. баяндамада инклюзивті білім беруді дамыту қазіргі қоғамның гуманистік қағидаттарының көрінісі ғана емес, сонымен қатар әрбір азаматтың сапалы білім алуға конституциялық құқығын іске асырудың маңызды шарты болып табылатындығын айқындаумен қатар, инклюзивті білім берудің құқықтық негізіне тоқтала отырып, Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде инклюзивті саясатты іске асырудың негізгі құжаттарын атап өтті. Аграрлық және ветеринарлық дайындау бағыттары үшін инклюзивті білім беру ортасын қалыптастырудың өзектілігіне ерекше назар аударылды. Баяндамада агроөнеркәсіптік кешен ел экономикасының стратегиялық маңызды саласы болып табылатындығы, ал ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың жоғары білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету олардың табысты әлеуметтік ықпалдасуына және ауылдық аумақтардың орнықты дамуына ықпал ететіні атап өтілді. Сондай-ақ, баяндамада аграрлық және ветеринариялық білім берудегі инклюзивті саясатты іске асырудың дайындық сипатымен, далалық және өндірістік практикаларды жүргізумен, тірі биологиялық объектілермен жұмыс істеумен және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру процесін бейімдеу қажеттілігімен байланысты ерекшеліктері қарастырылды. Сонымен қатар, спикер инклюзивті ортаның қазіргі жай-күйіне тоқтала отырып, қол жеткізілген жетістіктері мен дамытуды талап ететін қажеттіліктерді да айқындады. Атап айтқанда, пандустар, көтергіштер, бейімделген санузел, тұрақ орындары жоғары деңгейде қол жетерліктей болса,

оқу-өндірістік база, виварийлер мен жылыжайлар, тәжірибелік алқаптарының қозғалысы шектеулі адамдар үшін толық бейімделмегендігі, сонымен қатар ПОҚ жүйелі даярлаудан өткізуді де қолға алу қажеттігі айтылды. Баяндаманы қорытындылай келе Алпысбаева Г.Е. РОӘК ОӘБ мүшелеріне келесі ұсынымдарды келтірді:

1. Жетекші жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарының қатысуымен аграрлық жоғары оқу орындарында инклюзия мәселелері бойынша тұрақты жұмыс істейтін жұмыс тобын құру;

2. Инклюзивті педагогика модульдерін және бейіндік пәндердің бейімделген нұсқаларын әзірлеуді бастау;

3. Аграрлық және ветеринариялық салалардағы инклюзивті білім беру мәселелері бойынша жыл сайынғы республикалық ғылыми-әдістемелік конференция ұйымдастыруды қолдау;

4. ҚР аграрлық жоғары оқу орындарында инклюзивті ортаны іске асырудың табысты тәжірибелерін жинақтауға, көбейтуге және масштабтауға жәрдемдесу.

ҚазҰАЗУ, «Аграрлық техника және машина жасау» кафедрасы қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к. Скабаева Гульмира Несипбаевна сөз алып, көтеріліп отырған сұрақтың маңыздылығын атай отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін оқытушылар дайындығына тоқталды. Ол өз сөзінде аграрлық салада инклюзивті ортада жоғары деңгейде білім беру үшін білім беру бағдарламаларына психология, педагогика пәндері кредиттер санын арттыру қажеттігін айтып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін тек біліктілігін арттыру бағытында курс өткен, арнай сертификатқа ие оқытушы ғана тәлімгер бола алатынын жеткізді.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1.1 Баяндамашы ақпараты назарға алынсын

1.2 Аталған ұсыныстар хаттамада көрсетіліп «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесіне қарайтын ЖОО-на жолдансын.

Әр түрлі мәселелер

1. М136 – «Аграрлық техника және технологиясы» білім беру бағдарламалары тобы бойынша кешенді тестілеу бейіндік пәндерін қарастыру.

РОӘК ОӘБ хатшысы Кулмахамбетова Акмарал Токтаналиевна Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы №190 бұйрығындағы М136 – «Аграрлық техника және технологиясы» білім беру бағдарламалары тобы бойынша кешенді тестілеудің бейіндік пәндерін атап, бірінші бейіндік пән бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі сәкессіздікті көрсетті. Атап айтқанда, қазақ тілінде «Ауыл шаруашылығы машиналары» деп аталса, орыс тілінде «Сельскохозяйственная техника» деп аталып тұрғандығы және дұрыс аудармасы ретінде пән атауы орыс тілінде «Сельскохозяйственные машины» болу қажеттігін жеткізіп, тузету енгізу қажеттілігі туралы ұсыныс айтты.

Қолданыстағы редакция, Қазақ тілінде				
Білім беру саласы	Даярлау бағыты	Білім беру бағдарламасы тобы	1 Бейіндік пән	2 бейіндік пән
7М08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	7М087 Агроинженерия	М136 Аграрлық техника және технологиясы	Ауылшаруашылық машиналары	Мал шаруашылығын механикаландыру және автоматтандыру машиналары

Действующая редакция, на русском языке				
Область образования	Направление подготовки	Наименование ГОП	1 профильная дисциплина	2 профильная дисциплина
7М08 Сельское хозяйство и биоресурсы	7М087 Агроинженерия	М136 Аграрная техника и технологии	Сельскохозяйственная техника	Машины механизации и автоматизации животноводства

Предлагаемая редакция, на русском языке				
Область образования	Направление подготовки	Наименование ГОП	1 профильная дисциплина	2 профильная дисциплина
7М08 Сельское хозяйство и биоресурсы	7М087 Агроинженерия	М136 Аграрная техника и технологии	Сельскохозяйственные машины	Машины механизации и автоматизации животноводства

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшерелі бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

М136 – «Аграрлық техника және технологиясы» білім беру бағдарламалары тобы бойынша кешенді тестілеудің бейіндік пәнінің қазақ және орыс тіліндегі атауы сәйкестендірілсін: Ауылшаруашылық машиналары/ Сельскохозяйственные машины. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы №190 бұйрығына өзгеріс енгізу бойынша ұсыныс ҚР ҒЖЖБМ ресми хатпен жолдансын

2. «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру үшін оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеуге қойылатын талаптар туралы ережені талқылау

РОӘК ОӘБ хатшысы Кулмахамбетова Акмарал Токтаналиевна 2025 жылғы 19 желтоқсандағы 2-хаттамамен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ОӘБ РОӘК грифін беру үшін оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеуге қойылатын бірыңғай талаптар туралы ереженің негізінде әзірленген «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру үшін оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеуге қойылатын талаптар туралы ережені қарастыруды және бекітуді ұсынды. ҒЖЖБМ РОӘК ережесінде РОӘК ОӘБ грифін беру бойынша жұмыстарды қаржыландыру пунктінде оқу басылымдарын рецензиялау бойынша жұмыстардың құны ОӘБ тарапынан дербес айқындалады деп келтірілгендігін айтып, осы ережені негізге ала отырып, оқу басылымдарын рецензиялау жұмысының сапасын арттыру мақсатында рецензиялауды төлеу тәртібі мен тариф құрылымын көрсете отырып ереже әзірленгендігін және аталған ереже РОӘК ОӘБ құрамына кіретін барлық ЖОО – на ресми хатпен жіберіліп, ұсыныстарын ескере отырып дайындалғандығын жеткізді. Сондай-ақ дайындалған ережеде рецензиялаудың нақты уақыты көрсетіліп, ал 2-қосымша бойынша оқу басылымдарын рецензиялау критерийлері ішінен «Үлгілік оқу бағдарламасы» сөйлемі алынып тасталынды, себебі, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары қолданылмайды.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшерелі бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру үшін оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеуге қойылатын талаптар туралы ереже бекітілсін. Бекітілген ереже университет сайтына салынсын және РОӘК ОӘБ құрамына кіретін барлық ЖОО-да жіберілсін.

3. РОӘК ОӘБ грифін алуға оқулықтар мен оқу құралдарын ұсыну туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ-не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу құралын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы А.Кулмахамбетова төмендегідей ақпарат берді: «А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ, «Биология, экология және химия» кафедрасы профессоры, б.ғ.к. Г.Ж. Султангазина авторлығымен «6В081 Агрономия» және «6В051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар» кадрларды даярлау бағыттары бойынша білім алушыларына арналған, қазақ тілінде дайындалған «Өсімдіктер Биологиясы (Ботаника)» атты оқу құралын баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ, «Биология, экология және химия» кафедрасы профессоры, б.ғ.к. Г.Ж. Султангазина авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Өсімдіктер Биологиясы (Ботаника)» атты оқу құралы «6В081 Агрономия» және «6В051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар» кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқу құралы ретінде пайдалануға ұсынылады.

ТЫҢДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ-не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу құралын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы А.Кулмахамбетова төмендегідей ақпарат берді: «А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ, «Биология, экология және химия» кафедрасы профессоры, б.ғ.к. Г.Ж. Султангазина авторлығымен «6В081 Агрономия» және «6В051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар» кадрларды даярлау бағыты бойынша білім алушыларына арналған, орыс тілінде дайындалған «Биология растений (Ботаника)» атты оқу құралын баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ, «Биология, экология және химия» кафедрасы профессоры, б.ғ.к. Г.Ж. Султангазина авторлығымен орыс тілінде дайындалған «Биология растений (Ботаника)» атты оқу құралы «6В081 Агрономия» және «6В051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар» кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқу құралы ретінде пайдалануға ұсынылады.

ТЫҢДАЛДЫ

РОӘК ОӘБ-не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу басылымын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы А.Кулмахамбетова төмендегідей ақпарат берді: «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, «Жануарлар ғылымы және ветеринария» институтының профессоры, а.ш.ғ.к. Н.Ж.Қажғалиев, және Б.Атейхан, Ж.Е.Титанов, А.Б.Маханбетова авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Ірі қара мал шаруашылығы, сүт және ет өндіру технологиясы» атты «6В082 Мал шаруашылығы» кадрларды даярлау бағыты бойынша білім алушыларына арналған оқулықты баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, «Жануарлар ғылымы және ветеринария» институтының профессоры, а.ш.ғ.к. Н.Ж.Қажғалиев, және Б.Атейхан, Ж.Е.Титанов, А.Б.Маханбетова авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Ірі қара мал шаруашылығы, сүт және ет өндіру технологиясы» атты оқулығы «6В082 Мал шаруашылығы» кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқулық ретінде пайдалануға ұсынылады.

ТЫҢДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ-не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу басылымын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы А.Кулмахамбетова төмендегідей ақпарат берді: «А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ, «Ветеринарлық медицина» кафедрасы профессоры, в.ғ.д. А.А. Тегза авторлығымен орыс тілінде дайындалған «Патологическая анатомия животных» атты «6В091 Ветеринария» кадрларды даярлау бағыты бойынша білім алушыларына арналған оқу құралын баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ, «Ветеринарлық медицина» кафедрасы профессоры, в.ғ.д. А.А.Тегза авторлығымен орыс тілінде дайындалған «Патологическая анатомия животных» атты оқу құралы «6В091 Ветеринария» кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқу құралы ретінде пайдалануға ұсынылады.

ТЫҢДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ-не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу басылымын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы А.Кулмахамбетова төмендегідей ақпарат берді: «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, «Ветеринария және зооинженерия» факультеті профессоры, в.ғ.к., У.Ж.Омарбекова авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Ветеринария негіздері» атты «6В091 Ветеринария» және «6В082 Мал шаруашылығы» кадрларды даярлау бағыты бойынша білім алушыларына арналған оқулығын баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, «Ветеринария және зооинженерия» факультеті профессоры, в.ғ.к., У.Ж.Омарбекова авторлығымен

дайындалған «Ветеринария негіздері» атты оқулығы «6B091 Ветеринария» және «6B082 Мал шаруашылығы» кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқулық ретінде пайдалануға ұсынылады.

ТЫҢДАЛДЫ

РОӘК ОӘБ-не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу басылымын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы А.Кулмахамбетова төмендегідей ақпарат берді: «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, «Жануарлар ғылымы және ветеринария» институтының қауымдастырылған профессоры, б.ғ.к. Г.К. Баринава авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Балықтар этологиясы» атты «6B084 Балық шаруашылығы» кадрларды даярлау бағыты бойынша білім алушыларына арналған оқулығын баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, «Жануарлар ғылымы және ветеринария» институтының қауымдастырылған профессоры, б.ғ.к. Г.К. Баринава авторлығымен қазақ тілінде дайындалған «Балықтар этологиясы» атты оқулығы «6B084 Балық шаруашылығы» кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқулық ретінде пайдалануға ұсынылады.

ТЫҢДАЛДЫ

РОӘК ОӘБ-не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу басылымын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы А.Кулмахамбетова төмендегідей ақпарат берді: «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, «Жануарлар ғылымы және ветеринария» институтының профессоры, б.ғ.к. А.И.Газизова және аға оқытушысы, в.ғ.к. Л.М. Мурзабекова авторлығымен орыс тілінде дайындалған «Физиология и биохимия животных» атты «6B091 Ветеринария» кадрларды даярлау бағыты бойынша білім алушыларына арналған оқу құралын баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, «Жануарлар ғылымы және ветеринария» институтының профессоры, б.ғ.к. А.И.Газизова және аға оқытушысы, в.ғ.к. Л.М. Мурзабекова авторлығымен орыс тілінде дайындалған «Физиология и биохимия животных» атты оқу құралды «6B091 Ветеринария» кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқу құралы ретінде пайдалануға ұсынылады.

ОӘБ-ЖБТ хатшысы

А. Кулмахамбетова

РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары

Басқарма Төрағасы –

Ректордың Бірінші орынбасары

П. Ибрагимов



α